

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің,  
«Қазақстан Халық партиясы»  
фракциясының депутаттарына**

2022 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ ДЗ-386

**Құрметті депутаттар!**

Сіздер әлеуметтік қызметкерлердің, психологтардың жалақысы мен еңбек демалысын ұлғайтуға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

2020 жылдан бастап білім беру ұйымдары педагогтерінің, медицина қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңімен артып келеді, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтық қызметшілердің өзге де санаттарының, оның ішінде психологтар мен әлеуметтік қызметкерлердің жалақысын 2022-2025 жылдар кезеңінде жыл сайын орта есеппен 20 %-ға арттыру басталды.

Жалақыны одан әрі арттыру мәселесі елдегі экономикалық жағдайға сүйене отырып, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру шеңберінде қаралатын болады.

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес (Үкіметтің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген) ұйым басшыларына қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу, қаражатты үнемдеу есебінен сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету құқығы берілді.

Сонымен бірге денсаулық сақтау ұйымдарының 95 %-дан астамы шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар ретінде жұмыс істейтінін атап өту қажет.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын өз қызметкерлерінің жалақысын арттыру туралы мәселені бекітілген еңбекақы төлеу қоры шегінде дербес шешеді.

Еңбек кодексінің 89-бабына сәйкес еңбек, ұжымдық шарттарда жұмыскерлерге үздіксіз ұзақ жұмысы, маңызды, күрделі, жедел жұмыстарды,

сондай-ақ өзге де сипаттағы жұмыстарды орындағаны үшін көтермелеу сипатындағы жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалыстар белгіленуі мүмкін.

Осыған байланысты жұмыс беруші еңбек, ұжымдық шарттарға немесе өз актілеріне тиісті толықтырулар енгізу арқылы әлеуметтік қызметкерлерге, психологтарға жыл сайынғы еңбек демалысының ұзақтығын ұлғайту туралы дербес шешім қабылдай алады.

**Ә. Смайылов**

Орын. Коскелдінова Ш.Ч.  
тел. 750013

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан,  
фракции «Народная партия Казахстана»**

*На № ДЗ-386  
от 23 декабря 2022 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш запрос касательно увеличения заработной платы и трудового отпуска социальных работников, психологов, сообщаю следующее.

С 2020 года поэтапно повышается заработная плата педагогов организаций образования, медицинских работников, с 1 января 2022 года начато поэтапное повышение заработной платы иных категорий гражданских служащих, в том числе психологов и социальных работников, в среднем на 20% ежегодно в период с 2022 по 2025 годы.

Дальнейшее повышение заработной платы будет рассматриваться в рамках совершенствования системы оплаты труда работников бюджетной сферы, исходя из экономической ситуации в стране.

Согласно системы оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий (*утверждена постановлением Правительства от 31 декабря 2015 года №1193*) руководителям организаций предоставлено право устанавливать стимулирующие надбавки к должностным окладам работников, премировать и оказывать материальную помощь за счет экономии средств.

Вместе с тем, следует отметить, что более 95% организаций здравоохранения функционируют как предприятия с правом хозяйственного ведения.

Вопрос о повышении заработной платы своих работников предприятие на праве хозяйственного ведения решает самостоятельно, в пределах утвержденного фонда оплаты труда.

В соответствии со статьей 89 Трудового кодекса Республики Казахстан трудовым, коллективным договорами работникам могут устанавливаться дополнительные оплачиваемые ежегодные трудовые отпуска поощрительного характера за длительную непрерывную работу, выполнение важных, сложных, срочных работ, а также работ иного характера.

В связи с чем, работодатель может самостоятельно принимать решение об увеличении продолжительности ежегодного трудового отпуска социальным работникам, психологам, путем внесения соответствующих дополнений в трудовые, коллективные договора или в свои акты.

**А. Смаилов**

Исп. Коскельдинова Ш.Ч.  
тел. 750013